

Салық салу мақсатында Құрық селосы аумағын аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихаттың 2008 жылдың 20 ақпанындағы N 5/38 шешімі. Маңғыстау облысы әділет департаментінің Қарақия аудандық әділет басқармасында 2008 жылы 20 наурызда N 11-4-55 тіркелді. Күші жойылды - Қарақия ауданы мәслихатының 2012 жылғы 28 маусымдағы № 3/48 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарақия ауданы мәслихатының 2012.06.28 № 3/48 шешімімен.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8, 11- баптарына және Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 338 – бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Салық салу мақсатында Құрық селосы аумағын аймақтарға бөлусхемасы және жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Шешім мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы Аудандық мәслихаттың хатшысы
Т.Тәжібаев А.Мееров

К Е Л І С І Л Д І :

Аудандық жер қатыныстары
бөлімінің жетекшісі
Ж.Құтышев

күні қолы

Аудан бойынша салық
комитетінің төрағасы
М.Қазмағамбетов

күні қолы

Аудандық мәслихаттың 20.02.2008 жылғы
№ 5/38 шешіміне 1-қосымша

Салықтың базалық ставкаларына түзету коэффициенттері және Құрық селосы жерлері аймақтарының сипаттамасы

Аймақтар №	Аймаққа кіретін шағынаудандар және басқа да әкімшілік құрылымдар	Орта коэф.
1	Жағалау аймағы	1,5

2	Жағалау аймағына жақын өнеркәсіптік жерлер	1,5
3	Өнеркәсіптік жерлер	1,5
4	1, 2, 3, 3а, автобаза, қазақ ауыл шағын аудандары, С.Датұлы, Абай, Уәлиханов, Сәтбаев, Ардагер, Әлиев, Сәлімжан көшелері енетін ауылдың орталық бөлігі	1,5
5	Ауылдың орталығымен жалғасатын жеке құрылыс массивтері және жеке үй құрылысына перспективті құрылыстар	1,5
6	Ауылшаруашылығына және басқа режимдегі қолданысқа арналған жерлер	1,5

А й м а қ т ы ң

с и п а т ы :

1-ші аймақ- бірінші аймаққа ені 1000 метрді құрайтын барлық жағалау енеді.

2-ші аймақ- екінші аймаққа жағалау аймағына жақын өнеркәсіптік жерлер енеді.

3-ші аймақ- 3-аймаққа қалған өнеркәсіптік жерлер енеді.

4-ші аймақ- селитебтік; 1, 2, 3, 3а, автобаза, қазақ ауыл шағын аудандары, С.Датұлы, Абай, Уәлиханов, Сәтбаев, Ардагер, Әлиев, Сәлімжан көшелері енетін ауылдың орталық бөлігі кіреді. Бұл жерде негізгі әкімшілік ғимараттар, жалпы білім беретін мектептер, бала бақшалар, спорт мектебі, мәдениет, байланыс үйлері, кітапхана, емхана, ауруханалық қалашық, мешіт, базар, қонақ үйі, ұсақ дүкендер желісі, кафелер мейрамханалар шоғырланған. Аймақта сумен, газбен қамтамасыз ету, канализация орталықтандырылған. Құрық ауылын сумен қамтамасыз ету Ақтау қаласынан тартылған су құбырлары арқылы жүзеге асырылады. Елді мекенге су сунастық станциядан су тасығыш машиналар арқылы жеткізіледі.

5-аймақ- селитебтік; Ауылдың орталығымен жалғасатын жеке құрылыс массивтері және жаңадан игеріліп жатқан жеке құрылысының перспективті құрылыстары енеді. Бұл аймақ жартылай газбен және электрмен қамтамасыз етілген. Елді мекенге су сунастық станциядан су тасығыш машиналар арқылы жеткізіледі.

6-шы-аймақ- ауылшаруашылығына және басқа режимдегі қолданысқа арналған жерлер.